

## «Балық шаруашылығы» кәсіби стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. «Балық шаруашылығы» кәсіби стандарты Балық шаруашылығы мамандығы шеңберіндегі білім беру бағдарламаларын қалыптастыру үшін, оның ішінде кәсіпорындардағы персоналды оқыту үшін, кәсіби-техникалық және жоғары білім беру мекемелеріндегі қызметкерлер мен түлектерді сертификаттау үшін, персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешу үшін арналған.

Осы кәсіби стандарттың негізінде ұйымдар ішкі қолданыс үшін қызметкерлердің өндірісті және еңбекті ұйымдастыру, басқару, олардың жауапкершілік ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіби білімінің деңгейі, еңбек функцияларының, білімдерінің, біліктері мен дағдыларының тізбесі нақтыланған корпоративтік кәсіби стандарттар әзірлей алады.

2. Осы кәсіби стандартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайын болу дәрежесі;

2) біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты еместігі, жауапкершілігі мен дербестігі өлшемдеріне қарай сараланатын қызметкердің даярлығы мен құзыреті деңгейіне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) салалық біліктілік шеңбері - салада танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

4) ұлттық біліктілік шеңбері – салалық біліктілік шеңберін, кәсіби стандарттарды әзірлеу үшін жалпы кәсіби құзыреттердің біліктілік деңгейлернің бірыңғай шкаласын айқындайды;

5) кәсіби топ – жалпы интеграциялық негізі бар және оларды орындау үшін еңбек функциялары мен құзыреттердің ұқсас жиынтығын талап ететін кәсіби кіші топтар жиынтығы;

6) кәсіби кіші топ - еңбек функцияларының және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің тұтас жиынымен қалыптастырылған кәсіптер жиынтығы;

7) кәсіби стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне, құзыреттеріне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

8) кәсіп – арнайы дайындық нәтижесінде игерілетін және білім туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімді және тәжірибелік дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметіндегі кәсіптердің негізгі түрі;

9) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

10) акваөсіру – балық ресурстары мен басқа су жануарларының жасанды жолмен өсімін молайту және өсіру;

11) балық өсірушілік – кәсіпкерлік қызмет мақсатында балықтардың жасанды жолмен өсімін молайту және өсіру бойынша акваөсіру бағыты;

12) балық ресурстары мен басқа су жануарлары – суда өмір сүретін барлық жануралардың жалпы жиынтығы;

13) су флорасы мен саунасы – су қоймаларының жануарлар және өсімдік әлемі.

3. Осы кәсіби стандартта мынадай қысқартулар пайдаланылады:

1) БТБА – жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

2) КС – кәсіби стандарт;

3) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

4) БА - басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;

5) ҚР – Қазақстан Республикасы.

## 2. КС паспорты

4. КС атауы: «Балық шаруашылығы».

5. КС әзірлеудің мақсаты: қызметкерлер мен жұмыс берушілер үшін: қызметкерлерге өзінің кәсіби деңгейін анықтауға, кәсіби білімін жақсартуға, қажет болса біліктілік деңгейін көтеруге және сол арқылы әрі қарай кәсіби өсудің негізін құруға мүмкіндік береді; ал жұмыс берушілер қызметкерлердің кәсіби деңгейін жоғарылату, еңбек қызметін ынталандыру және осының нәтижесінде еңбек өнімділігін арттыру үшін жағдай жасау мақсатында персоналды бағалауға арналған нақтырақ критерийлерге ие болады; жұмыс берушілер қызметкер құзыретінің қосымша кепілдігі болып табылатын қоғамдағы әр түрлі салалардағы білім беру стандарттарын және құрылған персоналды сертификаттау жүйелерін ескере отырып, қызметкерлердің кәсіпқойлығын бақылау мүмкіндігіне ие болады.

6. Кәсіби стандарттың қысқаша сипаттамасы: Кәсіби стандарттың қысқаша сипаттамасы: балық өсірушілік пен балық аулау саласындағы жұмысшылар балықты, су жануарларының басқа түрлерін бағып көбейтеді, өсіреді, аулайды, жайғайды, сұрыптайды, балық аулау және балық өсіру өнімдерін өндіруші кәсіпорындарға немесе сататын ұйымдарға сатады, өткізеді.

7. Негізгі топ: ауыл шаруашылығы.

8. Кәсіби кіші топ: балық шаруашылығы.

### 3. Кәсіптердің карточкалары

9. Кәсіптердің тізбесі:

- 1) балық өсіруші – СБШ бойынша 1-5 біліктілік деңгейлері;
  - 2) балық өсіруші техник - СБШ бойынша 4 және 5 біліктілік деңгейлері;
  - 3) балық өсіруші гидротехник - СБШ бойынша 4-5 біліктілік деңгейлері;
  - 4) балық өсіруші инженер - СБШ бойынша 5 және 6 біліктілік деңгейлері;
  - 5) ихтиопатолог -СБШ бойынша 5 және 6 біліктілік деңгейлері;
  - 6) балықшы - СБШ бойынша 1-5 біліктілік деңгейлері;
  - 7) балық аулау кәсіпшілігі машиналары мен механизмдерінің машинисі - СБШ бойынша 1-3 біліктілік деңгейлері;
  - 8) аулау құралын дайындаушы - СБШ бойынша 1-3 біліктілік деңгейлері;
  - 9) жүзетін құралдарды қабылдаушы - СБШ бойынша 3 біліктілік деңгейі;
  - 10) ихтиолог - СБШ бойынша 5 және 6 біліктілік деңгейлері;
  - 11) су ресурстарын қорғау жөніндегі егерь (су ресурстарын қорғау жөніндегі инспектор) - СБШ бойынша 5 және 6 біліктілік деңгейлері;
  - 12) инженер-гидробиолог - СБШ бойынша 5 және 6 біліктілік деңгейлері;
  - 13) инженер- гидрохимик - СБШ бойынша 5 және 6 біліктілік деңгейлері;
  - 14) балықты өңдеу бойынша инженер-технолог - СБШ бойынша 5 және 6 біліктілік деңгейлері;
  - 15) балық өңдейтін жабдықты жөндеуші механик - СБШ бойынша 4 және 5 біліктілік деңгейлері;
  - 16) балық өңдейтін жабдық операторы - СБШ бойынша 3 біліктілік деңгейі.
10. Кәсіптердің карточкалары осы КС 1-қосымшасында келтіріледі.
11. Кәсіби біліктілік картасы осы КС 2-қосымшасында келтірілген.

<b>«БАЛЫҚ ӨСІРУШІ» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ</b>	
Кәсіптің коды	3151 «Балық өсіруші»
Кәсіптің атауы	Балық өсіруші
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	1. Негізгі орта, бірақ бастауыш білімнен төмен емес білімінің болуы және/немесе жұмыс орнында қысқа мерзімді оқыту (нұсқама) және/немесе қысқа мерзімді курстар
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	БТБА бойынша 1-разряд (50-шығарылым, 2-бөлім: Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 26 қазандағы №416бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2012 жылғы 23 қарашадағы № 8102 тіркелген)
Еңбек функциялары	1. Балық шаруашылығында күрделі емес жұмыстарды орындау. 2. Азықты дайындау бойынша жұмыстар
1 еңбек функциясы	<b>Біліктері мен дағдылары:</b> 1. Ескірген өсімдікті қырып жинау және жағу. 2. қоймадағы азықты қопсыту; 3. азықты қапқа қолмен нығыздап салу; 4. құрғақ және қамыр тәрізді азықты дайындау; 5. балықты және жетілдірілетін құртшабақты азықтандыру; 6. су бассейндерін ластанудан тазалау
Балық шаруашылығында күрделі емес жұмыстарды орындау	<b>Білімі:</b> 1. ҚР Конституциясы 2. жануарлар дүниесін қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін балық ресурстарының сақталуын қамтамасыз ететін табиғатты қорғау қағидалары («Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 09 шілдедегі №593-II ҚР Заңы); 3. өндірістің ұйымдастырылуы және технологиясы; 4. тірі азықты өсіру технологиясы; 5. ішкі еңбек тәртібінің қолданыстағы қағидалары; 6. ішкі еңбек тәртібі қағидалары; 7. еңбекті қорғау қағидалары мен нормалары («Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы» 2007 жылғы 15 мамырдағы №252-III ҚР Заңы).
2 еңбек функциясы	<b>Біліктері мен дағдылары:</b> 1. Топырақты, көнді дайындауды және оларды субстракт үшін дайындауды жүргізу; 2. аппараттарды, бассейндерді пайдалануға дайындауды жүргізу; 3. тірі азықтарды азықтандыруды жүргізу; 4. террариумдардағы топыраққа су себу және оны қопсыту; 5. тірі азық өнімінің өсірілген биомассасын іріктеуді жүргізу; 6. террариумдардың, бассейндердің, керек-жарақтың жарамдығын бақылау және ақаулықтар туралы тірі азықты өсіру жөніндегі маманға уақытылы баяндау; 7. балық өсіруші техниктің барлық тапсырмаларын орындау; 8. тірі азықты өсіру цехын тазалау;
Азықты дайындау бойынша жұмыстар	

	9. жұмыс орнында қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтау.
	<p><b>Білімі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. ҚР Конституциясы</li> <li>2. жануарлар дүниесін қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін балық ресурстарының сақталуын қамтамасыз ететін табиғатты қорғау қағидалары («Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 09 шілдедегі №593-ІІ ҚР Заңы);</li> <li>3. өндірістің ұйымдастырылуы және технологиясы;</li> <li>4. тірі азықты өсіру технологиясы;</li> <li>5. балықтарға арналған азықтың негізгі түрлері және оларды сақтауға қойылатын талаптар;</li> <li>6. балық тұқымын және ірі бас балықты күтіп ұстау, өсіру және азықтандырудың негізгі әдістері;</li> <li>7. ішкі еңбек тәртібінің қолданыстағы қағидалары;</li> <li>8. ішкі еңбек тәртібі қағидалары;</li> <li>9. еңбекті қорғау қағидалары мен нормалары («Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы» 2007 жылғы 15 мамырдағы №252-ІІІ ҚР Заңы).</li> </ol>
Жеке құзыреттеріне қойылатын талаптар	Тұлғааралық құзыреттілік, нәтижеге және тиімділікке бағытталушылық
<b>«БАЛЫҚ ӨСІРУШІ» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ</b>	
Кәсіптің коды	6151 «Балық өсіруші»
Кәсіптің атауы	Балық өсіруші
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	2. Жалпы орта, бірақ негізгі орта білімнен төмен емес білімінің болуы, практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби даярлық (білім беру ұйымы негізіндегі қысқа мерзімді немесе кәсіпорында оқыту)
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	БТБА бойынша 2-разряд (50-шығарылым, 2-бөлім: Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 26 қазандағы №416бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2012 жылғы 23 қарашадағы № 8102 тіркелген)
Еңбек функциялары	Гидротехникалық құрылыстарға ағымдағы қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмыстарды және су қоймаларын техникалық мелиорациялау жұмыстарын орындау
Еңбек функциясы	<b>Біліктері мен дағдылары:</b>
Балық шаруашылығында күрделі емес жұмыстарды орындау	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. разряды жоғарырақ балық өсірушінің жетекшілік етуімен гидротехникалық құрылыстарға ағымдағы қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмыстарды және су қоймаларын техникалық мелиорациялау жұмыстарын орындау;</li> <li>2. тоғандарға органикалық тыңайтқыштарды және су қоймаларына ізбесті енгізу;</li> <li>3. аулау құралдары үшін қолмен керек-жарақты дайындау;</li> <li>4. тік төртбұрышты нысанды аулау құралдарының жекелеген бөліктерін қолмен пішімдеу және ұяшықтарға бөлу;</li> <li>5. торлы кіші кеме мен керек-жарақты дайындау;</li> <li>6. бассейндер мен су қоймаларынан дафний мен артемий-Салинді ұстап алу;</li> </ol>

	<p>7. азықтандыру орындарының жабдығы;</p> <p>8. балықты ескекті мотор қайықтарынан және қалқыма азық тарнатқыштардан азықтандыру;</p> <p>9. азықтың желінуін тексеру, өлі балықты алып тастау;</p> <p>10. тауарлы балықты аулау, сұрыптау және есептеу;</p> <p>11. мұз астындағы балықты аулау;</p> <p>12. бекіре балық пен арқан балықтан басқа балық шоғайларын теңізден және уылдырық шашатын өзендердің маңынан аулау;</p> <p>13. уылдырықты, балық өсіру материалды және шоғайларды технологиялық режимді сақтаумен арнайы сыйымдылықтарда жеткізу;</p> <p>14. арналар арқылы жасы әр түрлі тікенді балық жүрісін бақылау, әр түрлі қоршайтын құрылғылардың көмегімен оларды реттеу;</p> <p>15. жасанды уылдырық шашатын орындарды, кіші кемелерді қолмен және механизмдердің көмегімен орнату және көтеру, оларды қарап тексеру және күтіп ұстау, бассейндер мен кіші кемелерді ластайтын заттардан тазалау;</p> <p>16. жабдық пен механизмдерді жөндеу.</p>
	<p><b>Білімі:</b></p> <p>1. гидротехникалық құрылыстарға ағымдағы қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмыстарды және су қоймаларын техникалық мелиорациялау жұмыстарын орындау тәсілдері;</p> <p>2. тоғандарға органикалық тыңайтқыштарды енгізу тәсілдері;</p> <p>3. тік төртбұрышты нысанды аулау құралдарының жекелеген бөліктерін қолмен пішімдеу және ұяшықтарға бөлу; торлы кіші кеме мен балық аулау керек-жарағын дайындау;</p> <p>4. қолданылатын керек-жарақтың, механизмдердің және жабдықтың құрылысы және оларды пайдалану қағидалары;</p> <p>5. тауарлы балықты аулау, сұрыптау және есептеу тәсілдері;</p> <p>6. тауарлы балықтың сапасына қойылатын талаптар;</p> <p>7. азық түрлері және оларды дайындау тәсілдері, балықты азықтандыру қағидалары, қолданылатын азықтың құрамы;</p> <p>8. тірі азыққа қойылатын талаптар;</p> <p>9. тірі балықты күтіп ұстау;</p> <p>10. балықтың арналар арқылы өту қағидалары;</p> <p>11. бассейндерді, кіші кемелерді және басқа жабдықты пайдалануға қойылатын талаптар, оларды тазалау қағидалары мен тәсілдері;</p> <p>12. мұз астындағы балықты аулау қағидалары мен тәсілдері;</p> <p>13. жасанды уылдырық шашу орындары мен уылдырық шашу субстраттарының түрлері;</p> <p>14. қолданылатын механизмдер мен жабдықтың құрылысы және оларды пайдалану мен жөндеу қағидалары;</p> <p>15. уылдырықты, шоғай балықтарды және балық өсіру материалын жеткізу кезінде контейнерлерде ұстаудың технологиялық режимі;</p> <p>16. еңбекті қорғау қағидалары мен нормалары («Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы» 2007 жылғы 15 мамырдағы №252-III ҚР Заңы).</p>
<b>«БАЛЫҚ ӨСІРУШІ» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ</b>	
Кәсіптің коды	6151 «Балық өсіруші»

Кәсіптің атауы	Балық өсіруші
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	3. Практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби даярлық (білім беру ұйымының негізінде кәсіби даярлау бағдарламалары бойынша бір жылға дейінгі курстар немесе кәсіпорында оқыту). Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім немесе жалпы орта білім негізіндегі техникалық және кәсіби білімі бар болғанда
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	БТБА бойынша 3-6 разряд (50-шығарылым, 2-бөлім: Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 26 қазандағы №416бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2012 жылғы 23 қарашадағы № 8102 тіркелген)
Еңбек функциялары	Бекіре балық пен арқан балықтан басқа балықтарды аулау, ұстау, қайта қондыру және сұрыптау мен күтіп ұстау бойынша жұмыстарды орындау
Еңбек функциясы	<b>Біліктері мен дағдылары:</b> 1. Жасы әр түрлі жастағы төлді, аталық балықты аулау, ұстау, орнын ауыстыру, түрлері мен салмағы мен ұзындығы бойынша топтарға сұрыптау; 2. тауарлық балықты аулау, сұрыптау және есептеу; 3. балық өсіру шаруашылығында әр түрлі жастағы балық өсіру және семіртумен байланысты жұмыстар, кіретін және шиыршықталатын балықты есептеу; 4. шотай балықты ұстау; 5. балық отырғызатын материалды және өндірістік балықтардың уылдырығын технологиялық режимді сақтай отырып арнайы ыдыстарда жеткізу; 6. қажетті концентрациялы ерітінді дайындай отырып, балықты емдік-алын ала емдеу; 7. құрғақ, қамыр тәрізді және паста тәрізді жем дайындау: ұнтақтау, емдік және өсімін тездететін қоспаларды қосу, жемді елеу; 8. артемия жұмыртқаларын инкубациялау; 9. тірі олигохет, дафний, артемий және басқа жемді өсіру; 10. дафний мен артемий-Салинді сұрыптау; 11. балықты азықтандыру кезінде оларға тірі және құрғақ жем беру; 12. жыртқыш балықтарды аулау; 13. субстратты салу; 14. төлді өсіру кезінде шыны пластикалық лотоктар мен бассейндерді шаң-тозаңнан тазалау; 15. сырттай бақылау арқылы ауру балықтарды анықтау және оларды су қоймаларынан шығарып тастау, гидробиологиялық және гидрохимиялық талдау үшін сынама алу; 16. тоғандағы, бассейндегі, лотоктағы, инкубациялық аппараттардағы су алмасуды лабораториялық талдаулар деректері бойынша реттеу; 17. автоматты жем таратқыштарды пайдалана отырып, балықтарға жем беру; 18. қыстық тоғандардың бөгендері мен бассейндерде балықтарды қыстатып шығарумен байланысты жұмыстарды орындау;

	<p>19. төлді су қоймасына жіберу, шоғай балықты қорғау; 20. аулауға арналған тор құралдарды кешенді жасау.</p> <p><b>Білімі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әр түрлі жастағы төлді, аталық балықтарды аулау, ұстау, орнын ауыстыру, сұрыптау және есептеу тәсілдері;</li> <li>2. балықты өсіру және семіртумен байланысты жұмыстарды орындау тәсілдері мен қағидалары;</li> <li>3. балықты өңдеуге арналған емдік-алдын алу ерітіндісінің құрамы мен концентрациясы;</li> <li>4. жемнің түрлері, олардың дайындау, тарату тәсілдері, жемнің желінуін бақылау;</li> <li>5. тірі жемге қойылатын талаптар;</li> <li>6. тірі жемді өсіру және оларды сұрыптау, тірі жеммен қоректендіру қағидалары;</li> <li>7. жасанды уылдырық шашқыштар мен уылдырық шашқыш субстраттардың түрлері;</li> <li>8. лотоктар мен бассейндерді тазалау;</li> <li>9. гидробиологиялық және гидрохимиялық талдау жүргізу әдістері;</li> <li>10. су сынамаларын алу;</li> <li>11. балықтардың аналық және аталық үйірін ұстау, қалыптастыру тәсілдері;</li> <li>12. аулауға арналған тор ауларды жасау;</li> <li>13. қолданылатын механизмдер мен балық өсіру жабдықтарының құрылысы мен оларды пайдалану қағидалары;</li> <li>14. еңбекті қорғау қағидалары мен нормалары («Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы» 2007 жылғы мамырдағы №252-III ҚР Заңы). 15</li> </ol>
<b>«БАЛЫҚ ӨСІРУШІ» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ</b>	
Кәсіптің коды	6151 «Балық өсіруші»
Кәсіптің атауы	Балық өсіруші
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	4. Негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіби білімі және практикалық жұмыс тәжірибесі болған жағдайда. Практикалық тәжірибесіз жоғарылатылған деңгейде (қосымша кәсіби даярлық немесе орта білімнен кейінгі білім) техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда.
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	БТБА бойынша 6-7 разряд (50-шығарылым, 2-бөлім: Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 26 қазандағы № 416бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2012 жылғы 23 қарашадағы № 8102 тіркелген)
Еңбек функциялары	Балықты таңдау, жіберу және күтіп ұстау операцияларын орындау.
Еңбек функциясы	<b>Біліктері мен дағдылары:</b>
Бекіре балық пен арқан балықтан басқа балықтарды аулау, ұстау, қайта қондыру және сұрыптау мен	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. шоғай балықты таңдау, жіберу және күтіп ұстау операцияларын орындау;</li> <li>2. гипофизарлық және балық ұрықтарының пісіп жетілуін ынталандыру препараттарының (егу) мөлшерін есептеу, олардың пісіп жетілуін бақылау, жыныстық өнімдерді алу, сүттің сапасын айқындау, уылдырықты ұрықтандыру;</li> </ol>



күтіп ұстау бойынша жұмыстарды орындау	<p>3. уылдырықты инкубациялық аппараттарға салу, балықтың барлық түрлерімен селекциялық-асылдандыру жұмыстарын жүргізу;</p> <p>4. асыл тұқымды балықтарды бониттеу, түгендеу (өлшеу, әр түрлі тәсілдермен белгі салу);</p> <p>5. жынысын анықтау және жарақаттанған және ауру балықтарды шығару, гипофиз дайындау, гипофиз суспензиясын дайындау, инкубация процессін бақылау, ауру және өлген балапан құрттарды, уылдырықтарды іріктеу;</p> <p>6. уылдырықты ісіндіру, емдеу-алдын ала өңдеу процессін жүргізу, инкубациялық аппараттарына тиеу және түсіру, лотоктағы судың температурасын реттеу;</p> <p>7. балықтың барлық түрлі төлдерін лотоктарда, бассейндерде, бауларда, тоғандарда өсіру процесін жүргізу;</p> <p>8. балықтарды аулау, ұстау, орнын ауыстыру, түрлері мен салмағы мен ұзындығы бойынша топтарға сұрыптау;</p> <p>9. сеголеткаларды, аталық балықтардың барлық түрін есептеу;</p> <p>10. балықтарды жылу су шаруашылықтарының баулары мен бассейндерінде өсіру операцияларын орындау (жем беру, аулау, балықты соңғы рет аулау);</p> <p>11. балық төлдерін асырау бойынша операциялар кешенін орындау.</p>
	<p><b>Білімі:</b></p> <p>1. балықтарды селекциялау-асылдандыру жұмыстарына қойылатын талаптар;</p> <p>2. тірі балықпен, уылдырықпен, балапан құрттармен жұмыс жүргізу әдістері;</p> <p>3. балықтардың жыныс өнімдерін алу жұмыстарына қойылатын талаптар;</p> <p>4. сүт пен уылдырықтың сапасына қойылатын талаптар;</p> <p>5. балықтардың аталық және аналық үйірлерін ұстау, жинау қағидалары;</p> <p>6. сеголеткаларды, аталық балықтардың барлық түрін соңғы аулау тәсілдері;</p> <p>7. балықтарды бониттеу және түгендеу қағидалары;</p> <p>8. балықтарды жылу су шаруашылықтарының баулары мен бассейндерінде өсіру биотехникасы;</p> <p>9. еңбекті қорғау қағидалары мен нормалары («Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы» 2007 жылғы 15 мамырдағы №252-III ҚР Заңы).</p>
<b>«БАЛЫҚ ӨСІРУШІ» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ</b>	
Кәсіптің коды	6151 «Балық өсіруші»
Кәсіптің атауы	Балық өсіруші
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	5. Техникалық және кәсіби (немесе орта білімнен кейінгі) білім, практикалық тәжірибе немесе жоғары білім, практикалық тәжірибесіз қосымша кәсіби білім беру бағдарламалары
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	БТБА бойынша 7-разряд (50-шығарылым, 2-бөлім: Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 26 қазандағы № 416бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нормативтік құқықтық

	актілер тізілімінде 2012 жылғы 23 қарашадағы тіркелген)	№ 8102
Еңбек функциялары	Балықты таңдау, жіберу және күтіп ұстау операцияларын орындау.	
Еңбек функциясы	<b>Біліктері мен дағдылары:</b>	
Бекіре балық пен арқан балықтан басқа балықтарды аулау, ұстау, қайта қондыру және сұрыптау мен күтіп ұстау бойынша жұмыстарды орындау	1. шоғай балықты таңдау, жіберу және күтіп ұстау операцияларын орындау;	
	2. гипофизарлық препараттардың мөлшерін есептеу және балық шоғайларының пісіп жетілуін ынталандыру, оларға инъекция салу, шоғайлардың пісіп жетілу мерзімін есептеу және сәтін , сүттің сапасын анықтау;	
	3. жыныс өнімдерін алу, ұрықтандыру және уылдырықты шығару;	
	4. уылдырықтың ұрықтандыру пайызын айқындау және эмбриондардың даму процесін, дамудың негізгі сатыларының (шығару, экзогенді қоректендіруге көшу, смолтификация) туындауын бақылау.	
	<b>Білімі:</b>	
	1. Жыныс өнімдерін алу кезінде шоғай балықтармен жұмыс істеуге қойылатын талаптар;	
	2. тірі балықпен, уылдырықпен, жас балықтармен, балапан құрттармен жұмыс жүргізу тәсілдері;	
	3. балықтардың сүтінің сапасына қойылатын талаптар, оны сақтау талаптары;	
	4. эмбриондардың, балапан құрттардың, ұрықтардың, шабақтардың даму кезеңдерінен өтуіне әсер ететін факторлар;	
	5. қолданылатын балық өсіру жабдықтары мен механизмдерінің құрылысы және оларды пайдалану қағидалары;	
	6. еңбекті қорғау қағидалары мен нормалары («Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы» 2007 жылғы 15 мамырдағы №252-III ҚР Заңы).	
Жеке құзыреттеріне қойылатын талаптар	Өзара құзыреттілік, нәтижеге бағдар алу және тиімділік, өзін өзі реттеу	
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы		«Балықшы» кәсіптері «Балық өсіруші техник» кәсіптері
<b>«БАЛЫҚ ӨСІРУШІ ТЕХНИК» карточкасы</b>		
Кәсіптің коды	3111 «Балық өсіруші техник»	
Кәсіптің атауы	Санаты жоқ балық өсіруші техник	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	4. Негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіби білімі және практикалық жұмыс тәжірибесі болған жағдайда. Практикалық тәжірибесіз жоғарылатылған деңгейде (қосымша кәсіби даярлық немесе орта білімнен кейінгі білім) техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда.	

БА бойынша біліктілік деңгейі	Жұмыс өтіліне талап қоймай тиісті мамандық (біліктілік) бойынша орта техникалық және кәсіби (арнайы орта, орта кәсіби) білім (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-ө-м бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығының 174-тармағы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2012 жылғы 25 маусымда № 7755 тіркелген).
Еңбек функциялары	Балық шаруашылығы кәсіпорындарында технологиялық процесті бақылау.
Еңбек функциясы  Балық шаруашылығы кәсіпорындарында технологиялық процесті бақылау	<p><b>Біліктері мен дағдылары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Балық шаруашылығы кәсіпорындарындағы технологиялық процестің сәйкестігін бақылау.</li> <li>2. Балық өсіру материалын, тауарлық балықты, акваөсіру объектілерін бағып көбейту мен өсіруге арналған су қоймаларын бақылау.</li> <li>3. Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың жүргізілуін бақылау.</li> <li>4. Балық шаруашылығына арналған су қоймаларының сыртқы орта факторларының жай-күйін бақылау.</li> <li>5. Зерттелетін су қоймасының балық және жем қорының жай-күйін бағалау.</li> <li>6. Тірі жемді (ақ энхитрей, калифорниялық құрт, дафния магна, аремиясалина) асырау бойынша жұмысты ұйымдастыру және басқару.</li> <li>7. Тірі жемді азықтандыру рецептурасын, нормалары мен графигін есептеу.</li> <li>8. Тірі жемнің өсуі мен биомассасын есептеу.</li> <li>9. Олигохетниктегі тиімді температуралық режим мен ылғалдылықты қамтамасыз ету.</li> <li>10. Топырақты дайындау, су себу және қопсыту, құрттарға арналған көнді (субстратты) дайындау.</li> <li>11. Жем, қосалқы материалдарға деген қажеттіліктің есептеулерін жүргізу және өтінім беру, өнімге бақылаулар жүргізу мен биомассаны есепке алу журналын жүргізу.</li> <li>12. Олигохет, жем және материалдардың қозғалысы туралы ай сайынғы және жылдық есептерді дайындау.</li> <li>13. Террариумдардың, дафний бассейндерінің, жабдық пен керек-жарактың уақытылы жөнделуін қамтамасыз ету.</li> <li>14. Артемии салин жұмыртқаларын тазалау және активтендіру бойынша жұмыстарды жүргізеді, жұмыртқалардың инкубациясы үшін тиімді талаптарды қамтамасыз етеді.</li> <li>15. Балық өсіру кәсіпорындарында еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігін ұйымдастыру.</li> <li>16. Ұйым басшысы бекіткен график бойынша жүзу құралдары мен өлшеу аспаптарына техникалық қызмет көрсету графигін сақтау.</li> <li>17. кемелердің, аулау құралдарының, балық шаруашылығындағы негізгі және резервтік жүйелердің жұмысқа қабілеттілігін қарау</li> </ol>

	және тексеру.
	<b>Білімі:</b>
	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Балық қорының сақталуын қамтамасыз ететін, жануарлар әлемін қорғау саласындағы уәкілетті орган бектетін табиғатты қорғау қағидалары («Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 09 шілдедегі №593-ІІ ҚР Заңы);</li> <li>2. жұмыс тақырыбы бойынша анықтамалық материал;</li> <li>3. балық тұқымын және ірі бас балықты күтіп ұстау, өсіру және азықтандырудың технологиясы;</li> <li>4. тірі азықты өсіруді ұйымдастыру және оның технологиясы;</li> <li>5. гидробиология және паразитология негіздері;</li> <li>6. арнайы және анықтамалық әдебиетте, жұмыс бағдарламалары мен нұсқаулықтарында қолданылатын терминология;</li> <li>7. бақылау-өлшеу аппаратурасының атауы мен қолданылу мақсаты және оны пайдалану қағидалары;</li> <li>8. ақпаратты алу, өңдеу және таратудың техникалық құралдары;</li> <li>9. қолданылатын жабдықтың техникалық сипаттамалары, конструкциялық ерекшеліктері, жұмыс істеу принциптері мен пайдалану қағидалары;</li> <li>10. жабдықты қарау және ақауларын табу әдістері;</li> <li>11. су ортасының параметрлерін өлшеу әдістері мен құралдары;</li> <li>12. ішкі еңбек тәртібінің қолданыстағы қағидалары.</li> </ol>
<b>«БАЛЫҚ ӨСІРУШІ ТЕХНИК» карточкасы</b>	
Кәсіптің коды	3111 «Балық өсіруші техник»
Кәсіптің атауы	2-санатты балық өсіруші техник
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	4. Негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіби білімі және практикалық жұмыс тәжірибесі болған жағдайда. Практикалық тәжірибесіз жоғарылатылған деңгейде (қосымша кәсіби даярлық немесе орта білімнен кейінгі білім) техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда.
БА бойынша біліктілік деңгейі	Тиісті мамандық (біліктілік) бойынша орта техникалық және кәсіби (арнайы орта, орта кәсіби) білім және санаты жоқ техник лауазымында кемінде 2 жыл жұмыс өтілі (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-ө-м бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығының 174-тармағы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2012 жылғы 25 маусымда № 7755 тіркелген).
Еңбек функциялары	Инкубациялық цех жабдығына қызмет көрсету
Инкубациялық цех жабдығына қызмет көрсету	<b>Біліктері мен дағдылары:</b> Өндірісті жұмыстарды ұйымдастыру. <ol style="list-style-type: none"> <li>1. балық өсіру жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру кезінде ұтымды шешімдерді таңдау;</li> <li>2. бастапқы материалды, статистикалық есептілік деректері мен басқа ақпаратты жинау, өңдеу және жинақтау;</li> <li>3. жүргізілетін жұмыстардың сипаттамасын, қажетті ерекшеліктерін, диаграммаларды, кестелерді, графиктерді және</li> </ol>

	<p>басқа техникалық құжаттаманы жасау;</p> <p>4. жоспарлық және есептік құжаттаманы ресімдеу;</p> <p>5. техникалық қызмет көрсету және регламенттік жұмыстарды жүргізу бағдарламаларын, нұқсаулықтарын, графиктерін және басқа техникалық құжаттаманы әзірлеуге қатысу;</p> <p>6. кемелердің, аулау құралдарының, балық шаруашылығындағы негізгі және резервтік жүйелердің жұмысқа қабілеттілігін қарау және тексеру.</p>
	<p><b>Білімі:</b></p> <p>1. Балық ресурстарының сақталуын қамтамасыз ететін, жануарлар әлемін қорғау саласындағы уәкілетті орган бектетін табиғатты қорғау қағидалары («Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 09 шілдедегі №593-ІІ ҚР Заңы);</p> <p>2. экономика негіздері;</p> <p>3. жұмыс тақырыбы бойынша анықтамалық материал;</p> <p>4. арнайы және анықтамалық әдебиетте, жұмыс бағдарламалары мен нұқсаулықтарында қолданылатын терминология;</p> <p>5. балық тұқымын және ірі бас балықты күтіп ұстау, өсіру және азықтандырудың технологиясы;</p> <p>6. бақылау-өлшеу аппаратурасының атауы мен қолданылу мақсаты және оны пайдалану қағидалары;</p> <p>7. ақпаратты алу, өңдеу және таратудың техникалық құралдары;</p> <p>8. қолданылатын жабдықтың техникалық сипаттамалары, конструкциялық ерекшеліктері, жұмыс істеу принциптері мен пайдалану қағидалары;</p> <p>9. жабдықты қарау және ақауларын табу әдістері;</p> <p>10. стандарттар және әзірленетін техникалық құжаттаманың техникалық талаптары, оны жасау тәртібі мен ресімдеу қағидалары;</p> <p>11. су ортасының параметрлерін, жабдық жұмысының сипаттамалары мен режим деректерін өлшеу әдістері мен құралдары;</p> <p>12. биометриялық өлшеулер, бақылаулар және эксперименттер жүргізудің реттілігі мен техникасы;</p> <p>13. жануарлар дүниесінің объектілерін қорғау, өсіру және ұтымды пайдалану бойынша нормативтік құқықтық актілер.</p>
<b>«БАЛЫҚ ӨСІРУШІ ТЕХНИК» карточкасы</b>	
Кәсіптің коды	3111 «Балық өсіруші техник»
Кәсіптің атауы	1-санатты балық өсіруші техник
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	5. Техникалық және кәсіби (немесе орта білімнен кейінгі) білім, практикалық тәжірибе немесе жоғары білім, практикалық тәжірибесіз қосымша кәсіби білім беру бағдарламалары

БА бойынша біліктілік деңгейі	Тиісті мамандық (біліктілік) бойынша орта техникалық және кәсіби (арнайы орта, орта кәсіби) білім және 2-санатты техник лауазымында кемінде 2 жыл жұмыс өтілі (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-ө-м бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығының 174-тармағы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2012 жылғы 25 маусымда № 7755 тіркелген).
Еңбек функциялары	Ұжымның жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру
Инкубациялық цех жабдығына қызмет көрсету	<p><b>Біліктері мен дағдылары:</b></p> <p>Өндірістік жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Балық өсіру жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру кезінде ұтымды шешімдерді таңдау;</li> <li>2. шығарылатын өнімнің сапасын бақылауды жүзеге асыру;</li> <li>3. өндірістік процестерді автоматтандыру және механикаландыру;</li> <li>4. зерттелетін су қоймасының балық және жемдік қорының жай-күйін бағалау;</li> <li>5. балық өсіру кәсіпорындарында еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігін ұйымдастыру;</li> <li>6. балық шаруашылығы кәсіпорындарының еркін нарық жағдайында техникалық және технологиялық құжаттамасын ресімдеу, кәсіпорындардың шаруашылық қызметінің техникалық-экономикалық есептерін (бизнес-жоспар) орындау;</li> <li>7. балық аулау және балық шаруашылығы су қоймаларын ластанудан және зақымдаудан қорғау талаптарын енгізу және орындалуын бақылау;</li> <li>8. кемелердің, аулау құралдарының, балық шаруашылығындағы негізгі және резервтік жүйелердің жұмысқа қабілеттілігін қарау және тексеру;</li> <li>9. аспаптар мен жабдықты пайдалану процесінде ақаулықтарды анықтау;</li> <li>10. белгіленген ресурсы аяқталған және шекті күйге жеткен жүзу құралдарын, керек-жарақты және зертханалық жабдықты жұмыс істеу және сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін тізімнен шығаруға дайындау;</li> <li>11. жөндеуді материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, балық шаруашылығы объектісінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті жаңа жабдыққа тізбе жасау және өтінім толтыру .</li> </ol>
	<p><b>Білімі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Балық ресурстарының сақталуын қамтамасыз ететін, жануарлар әлемін қорғау саласындағы уәкілетті орган бектетін табиғатты қорғау қағидалары («Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 09 шілдедегі №593-ІІ ҚР Заңы);</li> <li>2. экономика және жоспарлау негіздері;</li> <li>3. жұмыс тақырыбы бойынша анықтамалық материал;</li> <li>4. арнайы және анықтамалық әдебиетте, жұмыс бағдарламалары мен нұсқаулықтарында қолданылатын терминология;</li> </ol>

	<p>5. балық тұқымын және ірі бас балықты күтіп ұстау, өсіру және азықтандырудың негізгі әдістері;</p> <p>6. бақылау-өлшеу аппаратурасының атауы мен қолданылу мақсаты және оны пайдалану қағидалары;</p> <p>7. ақпаратты алу, өңдеу және таратудың техникалық құралдары;</p> <p>8. қолданылатын жабдықтың техникалық сипаттамалары, конструкциялық ерекшеліктері, жұмыс істеу принциптері мен пайдалану қағидалары;</p> <p>9. жабдықты қарау және ақауларын табу әдістері;</p> <p>10. стандарттар және әзірленетін техникалық құжаттаманың техникалық талаптары, оны жасау тәртібі мен ресімдеу қағидалары;</p> <p>11. су ортасының параметрлерін, жабдық жұмысының сипаттамалары мен режим деректерін өлшеу әдістері мен құралдары;</p> <p>12. биометриялық өлшеулер, бақылаулар және эксперименттер жүргізудің реттілігі мен техникасы;</p> <p>13. жануарлар дүниесінің объектілерін қорғау, өсіру және ұтымды пайдалану бойынша нормативтік құқықтық актілер.</p>	
Жеке құзыреттеріне қойылатын талаптар	Өзара құзыреттілік, нәтижеге бағдар алу және тиімділік, өзін өзі реттеу	
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	150501 150502	«Балықшы» кәсіптері «Балық өсіруші» кәсіптері
<b>«БАЛЫҚ ӨСІРУШІ ГИДРОТЕХНИК» карточкасы</b>		
Кәсіптің коды	3111 «Балық өсіруші гидротехник»	
Кәсіптің атауы	Санаты жоқ балық өсіруші гидротехник	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	4. Негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіби білімі және практикалық жұмыс тәжірибесі болған жағдайда. Практикалық тәжірибесіз жоғарылатылған деңгейде (қосымша кәсіби даярлық немесе орта білімнен кейінгі білім) техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда.	
БА бойынша біліктілік деңгейі	Жұмыс өтіліне талап қоймай тиісті мамандық (біліктілік) бойынша орта техникалық және кәсіби (арнайы орта, орта кәсіби) білім (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-ө-м бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығының 174-тармағы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2012 жылғы 25 маусымда № 7755 тіркелген).	
Еңбек функциялары	Балық шаруашылығы кәсіпорындарындағы ұйымдастыру жұмысы	
Еңбек функциясы	<b>Біліктері мен дағдылары:</b>	
Балық шаруашылығы кәсіпорындарындағы ұйымдастыру жұмысы	<p>Гидротехникалық құрылыстарды жобалау; Техникалық сумен жабдықтау жүйелері және гидроқұрылыстар бойынша инженеринг;</p> <p>1. берілген тапсырмаларды талдау; 2. басқа мамандармен қызмет барысында өзін әрекеттесу және консультация беру; 3. мазмұны бойынша текстес міндеттерді орындау</p>	

	<p><b>Білімі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жобалау, баптау бойынша нормативтік-техникалық база;</li> <li>2. гидротехникалық жүйелер мен құрылыстарды пайдалану;</li> <li>3. гидротехникалық құрылыстардың механикалық жабдығы;</li> <li>4. гидротехникалық құрылыстарды жобалау, оның ішінде айналмалы техникалық сумен жабдықтау жүйелерін жобалау;</li> <li>5. компьютерлік бағдарламамен жұмыс істеу;</li> <li>6. есептеуіш техника, коммуникациялар және байланыс;</li> <li>7. ісқағаздарын жүргізу стандарттары;</li> <li>8. қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптар;</li> <li>9. еңбек заңнамасы негіздері;</li> <li>10. еңбекті қорғау қағидалары мен нормалары («Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы» 2007 жылғы 15 мамырдағы №252-III ҚР Заңы).</li> </ol>
<b>«БАЛЫҚ ӨСІРУШІ ГИДРОТЕХНИК» карточкасы</b>	
Кәсіптің коды	3111 «Балық өсіруші гидротехник»
Кәсіптің атауы	Санаты жоқ балық өсіруші гидротехник
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	4.1 Негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіби білімі және практикалық жұмыс тәжірибесі болған жағдайда. Практикалық тәжірибесіз жоғарылатылған деңгейде (қосымша кәсіби даярлық немесе орта білімнен кейінгі білім) техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда.
БА бойынша біліктілік деңгейі	Тиісті мамандық (біліктілік) бойынша орта техникалық және кәсіби (арнайы орта, орта кәсіби) білім және санатсы техник лауазымында кемінде 2 жыл жұмыс істеу өтілі (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-ө-м бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығының 174-тармағы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2012 жылғы 25 маусымда № 7755 тіркелген).
Еңбек функциялары	Балық шаруашылығы кәсіпорындарындағы ұйымдастыру-басқару қызметі
Еңбек функциясы	<p><b>Біліктері мен дағдылары:</b></p> <p style="text-align: right;">Техникалық сумен жабдықтау жүйелері және гидрокұрылыстар бойынша инжиниринг;</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>4. тапсырма беру;</li> <li>5. берілген тапсырмаларды талдау;</li> <li>6. барлық жобалау сатысында жобалардың бөлімдерін, бөліктерін әзірлеу;</li> <li>7. орындалған жұмысты сараптамамен бірге келісу және қорғау;</li> <li>8. ғылыми құжаттама мен есептерді дайындау.</li> </ol>
Балық шаруашылығы кәсіпорындарындағы ұйымдастыру жұмысы	<p><b>Білімі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>11. Жобалау, баптау бойынша нормативтік-техникалық база;</li> <li>12. гидротехникалық жүйелер мен құрылыстарды пайдалану;</li> <li>13. гидротехникалық құрылыстардың механикалық жабдығы;</li> <li>14. гидротехникалық құрылыстарды жобалау, оның ішінде айналмалы техникалық сумен жабдықтау жүйелерін жобалау;</li> </ol>



	<p>15. компьютерлік бағдарламамен жұмыс істеу;  16. есептеуіш техника, коммуникациялар және байланыс;  17. ісқағаздарын жүргізу стандарттары;  18. қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптар;  19. еңбек заңнамасы негіздері;  20. еңбекті қорғау қағидалары мен нормалары («Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы» 2007 жылғы 15 мамырдағы №252-III ҚР Заңы).</p>
<b>«БАЛЫҚ ӨСІРУШІ ГИДРОТЕХНИК» карточкасы</b>	
Кәсіптің коды	3111 «Балық өсіруші гидротехник»
Кәсіптің атауы	Балық өсіруші гидротехник
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	5. Техникалық және кәсіби (немесе орта білімнен кейінгі) білім, практикалық тәжірибе немесе жоғары білім, практикалық тәжірибесіз қосымша кәсіби білім беру бағдарламалары
БА бойынша біліктілік деңгейі	Тиісті мамандық (біліктілік) бойынша орта техникалық және кәсіби (арнайы орта, орта кәсіби) білім және 2-санатты техник лауазымында кемінде 2 жыл жұмыс істеу өтілі (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-ө-м бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығының 174-тармағы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2012 жылғы 25 маусымда № 7755 тіркелген).
Еңбек функциялары	Өндірістік-технологиялық қызмет
Еңбек функциясы	<b>Біліктері мен дағдылары:</b>
Балық шаруашылығы кәсіпорындарындағы ұйымдастыру жұмысы	<p>Гидротехникалық құрылыстарды жобалау.  Техникалық сумен жабдықтау жүйелері және гидроқұрылыстар бойынша инженеринг;</p> <p>9. тапсырма беру;  10. берілген тапсырмаларды талдау;  11. барлық жобалау сатысында жобалардың бөлімдерін, бөліктерін әзірлеу;  12. орындалған жұмысты сараптамамен бірге келісу және қорғау;  13. құрастырмалардың статистикалық есептеулерін жасау;  14. гидравликалық есептер.</p>
	<b>Білімі:</b>
	<p>1. Жобалау, баптау бойынша нормативтік-техникалық база;  2. гидротехникалық жүйелер мен құрылыстарды пайдалану;  3. гидротехникалық құрылыстардың механикалық жабдығы;  4. гидротехникалық құрылыстарды жобалау, оның ішінде айналмалы техникалық сумен жабдықтау жүйелерін жобалау;  5. компьютерлік бағдарламамен жұмыс істеу;  6. есептеуіш техника, коммуникациялар және байланыс;  7. ісқағаздарын жүргізу стандарттары;  8. қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптар;  9. еңбек заңнамасы негіздері;  10. еңбекті қорғау қағидалары мен нормалары («Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы» 2007 жылғы 15 мамырдағы №252-III</p>

	ҚР Заңы).	
Жеке құзыреттеріне қойылатын талаптар	Өзара құзыреттілік, нәтижеге бағдар алу және тиімділік, өзін өзі реттеу	
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	150502 150503	«Балық өсіруші» кәсіптері «Балық өсіруші техник» кәсіптері «Балық өсіруші инженер» кәсіптері «Инженер-гидробиолог» кәсіптері «Инженер-гидрохимик» кәсіптері
<b>«БАЛЫҚ ӨСІРУШІ ИНЖЕНЕР» карточкасы</b>		
Кәсіптің коды	6151 «Балық өсіруші инженер»	
Кәсіптің атауы	Балық өсіруші инженер	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	5. Техникалық және кәсіби білім, практикалық тәжірибесіз қосымша кәсіби білім беру бағдарламалары	
БА бойынша біліктілік деңгейі	Тиісті мамандық (біліктілік) бойынша орта техникалық және кәсіби (арнайы орта, орта кәсіби) білім және 2-санатты техник лауазымында кемінде 2 жыл жұмыс істеу өтілі (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-ө-м бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығының 115-тармағы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2012 жылғы 25 маусымда № 7755 тіркелген).	
Еңбек функциялары	Балық шаруашылығы кәсіпорындарындағы ұйымдастыру-басқару қызметі	
Еңбек функциясы	<b>Біліктері мен дағдылары:</b>	
Балық шаруашылығы кәсіпорындарындағы ұйымдастыру-басқару қызметі	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Түр құрамының, биология гидробионттарды бөлу және квалификациялау зерттеулерін ұйымдастыру.</li> <li>2. су қоймаларының, көздерінің өнімділігін және балықтардың жұқтыру жолдарын анықтау;</li> <li>3. аулаудың рұқсат етілген нормаларын және өнімдік зерттеулерді есептеу және су қоймаларына санитарлық баға беру;</li> <li>4. балық материалын, тауарлық балықты, акваөсіру объектілерін көбейту және өсіру бойынша технологиялық процестің сәйкестігін және балық шаруашылығы су қоймаларындағы сыртқы орта факторларының жай-күйін бақылау;</li> <li>5. балықтарға толық биологиялық талдау жасау, паразитологиялық тексеру және ихтиопатологиялық зерттеу жүргізу;</li> <li>6. эксперименттерді, сынақтарды өткізуді ұйымдастыру, акваөсірудің қажетті сипаттамалары мен параметрлерін тіркеу;</li> <li>7. балық өсіру гидротехникалық құрылыстарының пайдаланылуын бақылау;</li> <li>8. зерттелетін су қоймасының балық саны мен жем қорының жай-күйін бағалау;</li> <li>9. балық өсіру кәсіпорындарында еңбекті қорғауды және өрт қауіпсіздігін ұйымдастыру;</li> <li>10. ұйым басшысы бекіткен график бойынша жүзу құралдары мен өлшеу аспаптарына техникалық қызмет көрсету графигін сақтау;</li> <li>11. бастапқы материалды, статистикалық есептілік деректері мен</li> </ol>	

	<p>басқа ақпаратты жинау, өңдеу және жинақтау;</p> <p>12. жүргізілетін жұмыстардың сипаттамасын, қажетті ерекшеліктерін, диаграммаларды, кестелерді, графиктерді және басқа техникалық құжаттаманы жасау;</p> <p>13. жоспарлық және есептік құжаттаманы жасау және ресімдеу, техникалық құжаттамаға қажетті өзгерістер мен түзетулер енгізу;</p> <p>14. техникалық қызмет көрсету және регламенттік жұмыстарды жүргізу бағдарламаларын, нұсқаулықтарын, графиктерін және басқа техникалық құжаттаманы әзірлеу;</p> <p>15. шағын көлемді кемелердің және басқа кемелердің, аулау құралдарының, балық шаруашылығындағы негізгі және резервтік жүйелердің жұмысқа қабілеттілігін бақылау.</p>
	<p><b>Білімі:</b></p> <p>1. ҚР Конституциясы;</p> <p>2. Балық ресурстарының сақталуын қамтамасыз ететін, жануарлар әлемін қорғау саласындағы уәкілетті орган бекетін табиғатты қорғау қағидалары («Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 09 шілдедегі №593-ІІ ҚР Заңы);</p> <p>3. экономика негіздері;</p> <p>4. жұмыс тақырыбы бойынша анықтамалық материал;</p> <p>5. арнайы және анықтамалық әдебиетте, жұмыс бағдарламалары мен нұсқаулықтарында қолданылатын терминология;</p> <p>6. балық тұқымын және ірі бас балықты күтіп ұстау, өсіру және азықтандырудың негізгі әдістері;</p> <p>7. бақылау-өлшеу аппаратурасының атауы мен қолданылу мақсаты және оны пайдалану қағидалары;</p> <p>8. ақпаратты алу, өңдеу және таратудың техникалық құралдары;</p> <p>9. қолданылатын жабдықтың техникалық сипаттамалары, конструкциялық ерекшеліктері, жұмыс істеу принциптері мен пайдалану қағидалары;</p> <p>10. жабдықты қарау және ақауларын табу әдістері;</p> <p>11. стандарттар және әзірленетін техникалық құжаттаманың техникалық талаптары, оны жасау тәртібі мен ресімдеу қағидалары;</p> <p>12. су ортасының параметрлерін, жабдық жұмысының сипаттамалары мен режим деректерін өлшеу әдістері мен құралдары;</p> <p>13. биометриялық өлшеулер, бақылаулар және эксперименттер жүргізудің реттілігі мен техникасы.</p>
Жеке құзыреттеріне қойылатын талаптар	
<b>«БАЛЫҚ ӨСІРУШІ ИНЖЕНЕР» карточкасы</b>	
Кәсіптің коды	6151 «Балық өсіруші инженер»
Кәсіптің атауы	Балық өсіруші инженер
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	5.1 Жоғары білім, практикалық тәжірибесіз қосымша кәсіби білім беру бағдарламалары

БА бойынша біліктілік деңгейі	Тиісті мамандық (біліктілік) бойынша орта техникалық және кәсіби (арнайы орта, орта кәсіби) білім және санаты жоқ инженер лауазымында кемінде 3 жыл жұмыс істеу өтілі (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-ө-м бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығының 115-тармағы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2012 жылғы 25 маусымда № 7755 тіркелген).
Еңбек функциялары	Өндірістік-технологиялық
Еңбек функциясы	<b>Біліктері мен дағдылары:</b>
